



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

с.

10. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре//ИЯШ., 1997 г.
11. Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. Учебник, М.: Воениздат, 1973. - 280 с.
12. Чехов А.П. Вишневый сад. – Москва: Правда, 1978. –226 с.
13. Чехов А.П. Чия бакчасы. – Казан: ТАТГОСИЗДАТ, 1949. – 91 б.

УДК 347.78.034

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Наушабек Динара Нұрлыбекқызы

dinara.naushabeka@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сағадиева З.М.

Тіл – басқа адамдармен қарым-қатынас орнату құралы, себебі біз басқа адамдармен көбінесе тіл арқылы байланыс жасаймыз. Тіл және мәдениет арасында үлкен байланыс бар, ал тіл де, мәдениет те бір халыққа тиісті болса, соның әсері көбірек болады. Басқа тілді білу – басқа мәдениетке енудің де кілті болып табылады.

Мәдениет құндылықтарын, әлеуметтік мәндерді негізгі жеткізуші, әрі қуатты тасымалдаушы болғандықтан мәдениет пен қоғамда тілдің орны ерекше, қоғамдық қатынастардың тиімді үйлестірушісі және реттеушісі болып қызмет етеді. Сонымен бірге тіл – елеулі элемент ғана емес, осы екі ауқымды ұғымның аса маңызды қыры. Ол бүкіл көп қырлы мәдениетті, аса күрделі, қоғамдық-лексикалық және семантикалық тұрғыдан қамтуға қабілетті, тұтас әлемді танытады. Мәдениет социологиясы саласындағы, ірі американдық маман Н. Смелзер айтқандай — мәдениеттің барлық элементтері... тілмен жеткізіледі [1].

«Мәдениетаралық коммуникация» термині тар мағынасында әдебиетте 1970жылдары пайда болды. Сол кезде мәдениетаралық қатынас жағдайларында коммуникативтік сәтсіздіктер мен олардың салдарын зерттейтін ғылыми бағытта жасақталды. Соңынан, мәдениетаралық коммуникация ұғымы аударма теориясы, шет тілдерді оқыту, салыстырмалы мәдениеттану, контрастивті прагматика және басқа салаларға тарады [2].

Қазір мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер тілдік қызметте мәдени шартты айырмашылықтарына және солардың салдарларына душарласқан адамдардың мінез – құлқына бағыт бұрған. Коммуниканттардың ахуалдық тілді іс - әрекеттерді айту және түсіндіру кезіндегі мәдени айырмалары сипаттау зертеу нәтижелері болды. Әуел бастан бұл зерттеулер үлкен қолданбалы мәнге ие болып, кросс - мәдени әсерлікті дамыту жөніндегі практикалық сабақтар (тренингтер) үшін сандаған жасалымдарда пайдаланылды. Мәдениетаралық коммуникация қоғамдық феномен ретінде 20–шы ғасырдан бастап «экзотикалық» деп аталатын мәдениеттер мен тілдерге қатысты ғылыми орта мен қоғамдық санада қалыптасқан мүддемен идиологиялық жағынан бекіген соғыстан кейінгі әлемнің практикалық сұраныстарынан туған. Практикалық сұраныстар көптеген елдер мен аймақтардың қарқынды экономикалық дамуының, технологиядағы революциялық өзгерістердің, осыған байланысты экономикалық қызметінің жаһандануы салдарынан шыққан. Нәтижесінде әлем елеулі тарыла бастады— әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы ұзақ байланыстың тығыздығы мен қарқындылығы мейлінше өсіп, одан әрі ұлғаяды. Экономиканың өзімен қоса білім, туризм, ғылым, кәсіби және әлеуметтік мәдениет арқылы коммуникацияның аса маңызды аймақтарына айналды. Этникалық аумақтағы қарым-қатынас, ұлтаралық қатынас мәдениетінің көрсеткіштерін анықтау тұрғысында, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-саяси жүйелердегі мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі көптеген зерттеуші-ғалымдардың: А.В. Авксентьев, Т.Ю.Бурмистрова, Н.Н.Гасанов , Л.М.Дробижева және т.б. еңбектерінде көрініс береді.

Мәдениетаралық коммуникация екі құрамдастан – тіл мен мәдениеттен тұрады.

Зерттеуіміздің тұрғысына мәдениетаралық коммуникация терминін нақтыламас бұрын тіл мен мәдениеттің арақатынасын қарастырғанымыз жөн. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі коммуникацияның әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сәйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Сонымен қатар коммуникацияның сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Коммуникацияның төмендегі түрлерін атап көрсетуге болады: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Аталған түрлердің ішінен бұл еңбекте мәдениетаралық коммуникация қарастырылады.

Қатынастың түрлі тәсілдерінің, амалдары мен стильдерінің үйлесуіне қатысты коммуникативистикада мәдениетаралық коммуникацияның үш негізгі түрі бөлінеді – вербальды, вербальды емес және паравербальды. Бұл еңбекте вербальды коммуникацияның түрі қарастырылады, өйткені вербальды коммуникация адамдар қатынасының әмбебап тәсілі болып табылады да, адамдар соның көмегімен түрлі ақпараттың негізгі бөлігін жіберіп, қабылдайды.

Вербальды коммуникация дегенде сұхбаттасушылардың ой-пікірімен, ақпаратымен, көңіл - күй әсерімен бөлісуін білдіретін тілдік қатынасты айтамыз.

Вербальды қатынас адам коммуникациясының барынша зерттелген алуан түрі болып табылады. Вербальды адам тіліне кез келген басқа белгі жүйесінің көмегімен жасалған хабарды аударуға болады. Мысалы, қызыл жарық белгісі «өтуге болмайды» — «тоқта»— дегенді, спорт жарыстарында басқа қолдың алақанымен жабылған қолды жоғары көтеру «қосымша үзіліс минутын беріңіз»— дегенді білдіреді.

Коммуникация стильдері түрлі мәдениеттерде түрленіп отырады. Т.Г.Грушевская, В.Д.Попков, А.П.Садохин вербальды коммуникацияның төрт тобын (класын) бөледі:

- тура және тура емес;
- астарлы, дәл және сығымдалған;
- тұлғалық және жағдайлық;
- инструментальды және аффективті.

Мәдениетаралық қатынаста туындайтын барлық проблемаларды социолингвистер үш негізгі себепке тоғыстырған:

1) түрлі мәдениеттердегі мәдени құндылықтардың жиынтығының дифференциалды сипаты - мәдени құндылықтардың әрбір жеке алынған жүйесі белгілі бір әлеуметтік топқа тән.

2) әлеуметтік қатынастар шекарасының айқынсыздығы (нақты шектің болмауы) – жалғыз адам әр түрлі әлеуметтік топтардың мүшесі болып табылады, әр жеке алынған қос индивидуумның қатынастары олардың әлеуметтік мәртебесі тұрғысынан нақты бір мәнді анықтамайды.

3) мәдени топтарда үстем идеологияның болуы [3].

Американдық социолингвистердің пікірінше, дәп осы себептер қатынас сипатын анықтап, оған тиісінше мәдени реңк береді. Орта тапты американдықтардың (достардың, қызметкерлердің, таныстардың) арасында жиі айтылатын қошемет сөздерді мысалға келтірейік. Американдықтар мынандай сөзді жиі айтады: «It's a lovely dress you're wearing!»— «Oh, no, I've got it for years!» — «Сенің кәйлегің қандай әдемі!»— «Қайдағы, бұл көйлекке жүз жыл болған шығар!»—Дж.Чиктің түсіндіруінше американдықтар эталитарлы қоғамның мүшесі ретінде қатынаста өзін ашық, еркін және тең ұстайды, және қошамет сөз әлеуметтік шектеулерді теріске шығарудың құралы болып табылады. Яғни, американдықтың сұхбаттасушының қошеметін қабыл алмау себебі мынада: қабыл алса, онда өзін одан жоғары көрсеткендей болады. Ал, мысалы, ақ нәсілді орта тапты оңтүстік африкандықтар бір-біріне қошемет сөзді сирек айтады, айтылғандардың көбін қабылдаумен өзін сұхбаттасушыдан жоғары ұстап, әлеуметтік ара-қатынасын белгілеп алады. Мұны да әлеуметтік теңсіздік (әсіресе билікпен байланысты) заңмен анықталып, бекітілген қоғамның мәдени

күндылықтарымен түсіндіруге болады [4].

Мәдени түсінбеушілік негізінен коммуниканттарда фондық білімнің болмауынан туындайды. Бұл жерде фондық білім, В.С.Виноградовтың айтуынша, белгілі бір ұлысқа немесе ұлтқа ғана тән, солардың әкілдері жаппай мойындаған және сол ұлттық қауымдастықтың тілінде көрініс тапқан социомәдени мәліметтер. Түрлі мәденит өкілдерінің өз өмір салтының дұрыстығына илануы, «өзіміздікі» және «бөтен» — болып бөлінуі елеулі роль атқарады [5].

С.Арутюновтың айтуынша, «жер бетінде барлық адамдар киініп, тамақ ішіп, жүріп тұрса да, этникалық айырмашылық қалай тамақ ішетінінен, киінетінінен, жүріп тұруынан байқалады. Түрлі мәдениеттердің бір қимылдың әр түрлі мағына беруі, бір мағынаның түрлі айтылыммен, іс қимылмен жеткізілуі мүмкін». Стереотиптік— көрініс басқа этнос өкілінің мінез-құлқын өз мәдениетінен ерекшелігі тұрғысынан түсіндіру кезінде жасақталады. Келесі жағдайда түрлі мәдениеттердегі әдет-ғұрыптың сәйкессіздігін көреміз: неміс мұғалімі Беате көп жыл Үндістанда тұратын әпкесіне келеді. Үндістандықтар оларды кешкі асқа шақырады. Ирене сіңілісіне үндістандықтардың тамақты қолмен жейтінін ескертеді. Қонақтар дастарханға отырды. Беате әпкесінің тамақты қолмен қалай жейтініне қарап, соны қайталауда. Кенет ол әпкесінің әлдебір ым беріп отырғанын, үй иелерінің де абыржулы екенін байқады. Себебін сұрауға үлгертпей Ирене үйіне асыға бастады. Жолда сіңілісіне ұрсып келеді: «Масқаралағаның не?! Сол қолмен тамақ жеп... Енді олар сені ешқашан шақырмайды [6].

Үндістанның салт-дәстүрін білмеу, түсінбеушілікке негіз болған. Үндістанда тамақты тек қана оң қолмен жейді, себебі оң қол — қасиетті. Мұндай жағдай мұсылмандарда да кездеседі. Оң қол қасиетті, нанды оң қолмен жейді. Ал Үндістанда күріш нан сынды қасиетті.

Келесі жағдайды қарастырайық: Қазақстандық екі студент ДААД стипендиясын алып Германияға келген. Бірде таңертеңгілік екеуі студенттер жатақханасының асханасында тамақ ішеді. Күні бойы жұмыс кәп болғандықтан тоя тамақтануды жән көрген. Асханаға келген неміс студенті олардың асын көріп: «Таңертең макарон жейсіңдер ме?»- деп таңырқай дауыстап жібереді. Германияда таңертең бутерброд, тек жексенбі күні жұмыртқа жейді. Ыстық тамақ түсте желінеді. Кешкі тамаққа да бутерброд, ыстық тамақты қонақтарды қабылдағанда ғана (кешкі тамаққа шақыру) беріледі. Біздің мәдениетте мұндай шектеу жоқ, әсіресе, түске дейін оқитын студенттер таңертең тойып тамақтанады, ақшаны үнемдеу мақсатында асханада түскі ас ішпей, түстен кейін бір-ақ тамақтанады. Мәдени жаңылысудың келесі мысалы мәдени шиеленістің бастауы болды. Германияда—үшінші әлем елдері аталатындарға байланысты стереотиптік айтылымды естідік. Пассау қаласында «Страноведческие аспекты в литературных текстах» курсының әр елдердің студенттері қатысып отырған сабағында постмодернизм дәуірінің тақырыбы талқыланады. Талқылау кезінде курсты жүргізетін оқытушы постмодернизм туралы Европалық студентердің көп білетініне, Россиялық студентерінің естігеніне, ал Азиялық (Қазақстан, Қырғызстан) студентердің ештеңе білмейтініне сенімді екенін айтып қалады. Қазақстан мен Қырғызстаннан келген студентер бұған ашуланып, курстан бас тартпақ болады. Бұл жағдайды былайша талдауға болады:

а) мүмкін бұл жерде —үшінші әлем елдерінде білім мен әдебиетті емес, күнделікті тіршілік қамын ойлайды, яғни мәдениет деңгейі төмен деген стереотиптік түсінік өзіндік роль атқарған болар;

ә) оқытушы өз елінде тотальдық режим орнатқан түрікмендік президент туралы көп оқыған, кейін белгілі болғандай ол орталық және Орта Азияның барлық елдерінде сондай режим деп білген. Оның пікірінше, мұндай жағдайда білімді дамытуға, соның ішінде батыс мәдениеті туралы білім алуға ешбір негіз жоқ.

Осы жағдайларды қарастырып, мәдени айырмашылықтың өмірдің барлық салаларын қамтиды деген қорытындыға келеміз. Бір мәдениет өкілінің мінез-құлқын басқа біреу өз мәдениетінің көзқарасына сәйкес түсінуі мүмкін. Сондықтан мәдениетаралық

коммуникацияның табыстылығы екі мәдениет өкілдерінің мәдени стереотиптерді білуімен тура пропорционалды.

Қорытындылайтын болсақ, лингвисттердің көпшілігінің пікірінше, коммуникативтік, яғни адамдардың аса маңызды қатынас құралы болу – тілдің негізгі және елеулі функциясы. Біздің зерттеуімізде коммуникация жай қатынас құралы емес, түрлі мәдениет иелерінің арасындығы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл коммуникация үрдісіне культурологиялық көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді. Сондықтан да А.П.Садохиннің ізімен біз коммуникацияны түрлі сөзді немесе сөзсіз коммуникативтік құралдардың көмегімен түрлі арналар бойынша жеке тұлғалар, сол сияқты бұқаралық қатынаста ақпаратты жөнелту мен хабарлаудың, әлеуметтік шартты үрдісі ретінде түсінеміз.

Қолданылған әдебиет

1. Тер-Минасов. Язык и межкультурная коммуникация. М., 2000, 16-186.
2. Грушевская Т.Г. Основы межкультурной коммуникации: учебник для вузов / Т. Г. Грушевская, В. Д. Попков, А. П. Садохин; под ред. А. П. Садохина. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003, 352 б.
3. Бурак А.л. Translating Culture: перевод и межкультурная коммуникация. ЭТАП 1: уровень слова, М.: «Р. Валент», 2002, 18-206
4. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации - М.: ИТДГК «Гнозис», 2003, с. 95-96, 100, 2286
5. Персикова Т.Н. Межкультурная коммуникация и корпоративная культура. М., 2002, 106
6. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание.- М.,1996, 43-466

УДК 81.33

ИНТЕРНЕТ КАК ОДИН ИЗ ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Низамова Алина Ильдусовна

alinenisamova95@gmail.com

Студент Института филологии и межкультурной коммуникации Казанского
федерального университета, Казань, Российская Федерация

Научный руководитель – Поморцева Надежда Павловна

Появление новых технологий неизбежно влечет за собой изменения в каком бы то ни было языке. В особенности это касается английского языка – языка международного общения. Фактически, в нем в любой момент могут произойти изменения, и тогда существующие правила и рекомендации неизбежно будут считаться устаревшими. Лингвисты всего мира внимательно следят за развитием английского языка, отслеживают существующие тенденции и обращают особое внимание на те аспекты, которые могут сигнализировать о возможных, приближающихся или текущих изменениях. Среди подобных тенденций можно назвать следующее: различия между диалектами английского внутри территории одной страны, изменение смысла слова вследствие появления новых видов деятельности, а также формирование нового пласта лексики под влиянием специфических политических и общественных явлений. Одни явления оказывают большее воздействие на язык, нежели другие. И потому тема данного исследования отражает один из самых важных и влиятельных аспектов современности, а именно *влияние интернета как экстралингвистического фактора на развитие современного английского языка*.

Существуют серьезные основания полагать, что в 21 веке интернет технологии окажут самое серьезное влияние на английский язык. Учитывая все возрастающее количество людей,